

Тұлғалар бейнесі-пошта маркаларында

Жуырда «Қазпошта» АҚ атақты қазақ ғалымдары, қоғам және мемлекеттік қайраткерлері—Әлихан Бөкейхан, Ыбырай Алтынсарин, Қайым Мұхамедхановтың мерейтойлық күндеріне арналған «Естелік және мерейтойлық күндер» сериялы пошта маркаларын айналымға енгізді.

«Естелік және мерейтойлық күндер» сериялы пошталық маркасында «Әлихан Бөкейханның туғанына—150 жыл» тақырыбында көрнекті қоғам және мемлекеттік қайраткері, «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының ұйымдастырушысы және көшбас-

дана.

Пошталық маркада сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ғалым, ақын-жазушы, драматург, аудармашы, Абайтану мен Шәкәрімтанудың ғылыми негізін қалаушы, қоғам қайраткері — Қайым



Мұхамедханов та бейнелеген. Қазақ КСР-ның (1945 жылы) Мемлекеттік Әнұраны мәтінінің авторы, Ұлы Отан соғысына қатысушы. Пошталық марканың номиналы

шысы, тұңғыш қазақ ұлттық Алашорда үкіметінің басшысы, ғалым, публицист Әлихан Бөкейхан бейнеленген. Бүгінгі күні марканың номиналы -5 теңге, ал таралымы 2 500 000 дана болып отыр.

Сонымен қатар, «Естелік және мерейтойлық күндер» сериялық пошта маркасы қазақтың көрнекті ағартушы, жанашыл-педагог және жаңа мектептер ұйымдастырушысы, этнограф, ауыз әдебиетін жинақтаушы, ақын, прозашы, аудармашы Ыбырай Алтынсаринді де бейнелеп отыр. Пошталық марканың номиналы- «А» литрлі (121) теңге заңды тұлғаларға арналған 20 грамм салмаққа дейінгі қарапайым хаттарды жерүсті көлігі арқылы жіберуге арналған тарифке сәйкес келеді. Таралымы 2 500 000

- «С» литрлі (218) теңге Қазақстан Республикасы аумағында жерүсті арқылы салмағы 20 граммға дейінгі тапсырысты хаттарды жөнелтуге арналған тарифке сәйкес келеді. Таралымы - 2 500 000 дана.

Пошта маркасының басылымы офистік, 2 бояумен, шетіндегі ойықтар ирек тісті. Шығарылу түрі - маркалық бет. Бір бетте - 105 марка. Беттегі марка өлшемі 26x18 мм. Суретші - Сергей Маршев. Пошталық маркалар «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Банкноттық фабрикасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнында басып шығарылған.

(«Орталық Қазақстан» газетінен. 15 қыркүйек 2016 жыл №150-151)

Тоқырауын тынысы.2016.16.қыркүйек.9,б.